



Аудандық бюджет қаражаты есебінен азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелерің кешінде жиырма бес пайызға жоғарылатуға құқығы бар әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Алтынсарин ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 21 сәуірдегі № 65 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 18 мамырда № 6381 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Алтынсарин ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 18 сәуірдегі № 49 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Алтынсарин ауданы әкімдігінің 18.04.2019 № 49 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексі 139 бабының 9 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес, Алтынсарин ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудандық бюджет қаражаты есебінен азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелерің кешінде жиырма бес пайызға жоғарылатуға құқығы бар әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі, осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2016 жылғы 6 сәуірден бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

Аудан әкімі

Б. Ахметов

А л т ы н с а р и н а у д а н д ы қ
м ә с л и х а т ы н ы ң х а т ш ы с ы

_____ Б. Есмұханов

2016 жыл 21 сәуірдегі
әкімдіктің № 65 қаулысына
қосымша

Аудандық бюджетінің қаражаты есебінен тарифтік ставкалар мен

лауазымдық жалақыларын жиырма бес пайызға көтеруге құқығы бар ауылдық жерлерде жұмыс істейтін және азаматтық қызметкерлер болып келетін спорт, ветеринария, әлеуметтік қамтамасыз ету, білім беру, мәдениет және денсаулық сақтау саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі

Ескерту. Қосымшаға өзгерістер енгізілді – Қостанай облысы Алтынсарин ауданы әкімдігінің 06.06.2017 № 156 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 01.01.2017 бастап туындаған қатынастарға таратылады).

1. Әлеуметтік қамсыздандыру мамандарының лауазымдары:
 - 1) аудандық халықты жұмыспен қамту орталығының басшысы;
 - 2) үйде қызмет көрсету бөлімінің басшысы;
 - 3) әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман;
 - 4) әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант;
 - 5) жұмыспен қамту орталығының маманы;
 - 6) қарттар мен мүгедектерге күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер;
 - 7) жасы 18-ден асқан мүгедек балаларға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер;
 - 8) үйде қызмет көрсету бөлімшесінің меңгерушісі.
2. Білім беру саласындағы мамандарының лауазымдары:
 - 1) жалпы білім беретін мектеп, арнайы түзету ұйымдары мен барлық үлгідегі және түрдегі интернаттық ұйымдардың, қосымша білім беру ұйымының директоры;
 - 2) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысының орынбасары;
 - 3) дене тәрбиесінің жетекшісі (білім беру ұйымдарында);
 - 4) алғашқы әскери даярлық басшысы;
 - 5) жалпы білім беретін мектептердің, мектеп – интернаттардың және басқа да бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, қосымша білім беру ұйымдарындағы директордың, оқу, оқу-өңдірістік, оқу-тәрбие, тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары;
 - 6) барлық мамандықтар мұғалімдері;
 - 7) тілдері мүкіс балалармен жұмыс істейтін мұғалім;
 - 8) әлеуметтік педагог;
 - 9) педагог-ұйымдастырушы;
 - 10) кеміс балалармен жұмыс істейтін мұғалім (дефектолог);

- 11) қосымша білім педагогы;
 - 12) педагог-психолог;
 - 13) аға тәрбиеші, тәрбиеші (білім беру ұйымдарында);
 - 14) музыкалық жетекшісі;
 - 15) оқу орнының аға тәлімгері;
 - 16) оқу-тәрбие, оқу-өндірістік қызметімен тікелей айналысатын дене тәрбиесінің нұсқаушысы;
 - 17) оқу-өндірістік (оқу) шеберхана меңгерушісі (білім беру ұйымдарында);
 - 18) зертхана, кабинет меңгерушісі;
 - 19) емдәм бикесі;
 - 20) білім беру ұйымдарының әдіскері, аға әдіскер (жоғары оқу орындарынан басқа);
 - 21) өндірістік оқыту шебері;
 - 22) аға шебер;
 - 23) медициналық персонал;
 - 24) кітапханашы;
 - 25) кітапхана меңгерушісі;
 - 26) алғашқы әскери даярлық оқытушы-ұйымдастырушысы;
 - 27) мектепке дейінгі білім беру ұйымының басшысы.
3. Мәдениет саласындағы мамандарының лауазымдары:
- 1) директор;
 - 2) директордың орынбасары;
 - 3) хормейстер, концертмейстер;
 - 4) барлық атаудағы техниктер;
 - 5) кітапханашы, библиограф;
 - 6) мәдени ұйымдастырушы;
 - 7) аккомпаниатор;
 - 8) көркемдік жетекші;
 - 9) хореограф;
 - 10) әдістемеші;
 - 11) барлық атаудағы суретші;
 - 12) барлық атаудағы әдіскері;
 - 13) музыкалық жетекші;
 - 14) дыбыс операторы;
 - 15) вокал бойынша репетитор;
 - 16) әдістемелік кабинетінің меңгерушісі;
 - 17) ауылдық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының бөлім басшысы.

4. Спорт саласындағы мамандарының лауазымдары:

- 1) қосымша білім беру ұйымының директоры;
 - 2) білім беру ұйымдары филиалының ғылыми, оқу, оқу-әдістемелік, оқу-өндірістік жұмыстары жөніндегі директорының (басшының) орынбасары;
 - 3) медициналық персонал;
 - 4) оқыту қызметімен тікелей айналысатын жөніндегі спорт жаттықтырушы оқытушы, спорт жөніндегі аға жаттықтырушы-оқытушы;
 - 5) спорт мектебінің нұсқаушысы, нұсқаушы-әдіскері;
5. Ветеринария саласындағы мамандарының лауазымдары:
- 1) ветеринариялық дәрігері;
 - 2) ветеринариялық фельдшер.